

Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі МККҚ-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау

ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

20.06.2024ж.

Төрағалық етуші Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі МККҚ-ның директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Р.Пазылов

Хатшылықта: Д.М.Шайзында

Қатысқандар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Т.Касимбеков, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Р.Пазылов, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары С.С.Мауленов, Бас есепші А.Е.Сарсенова, Колледж кәсіподақ комитетінің төрайымы С.Ж.Жұматова, кадр бөлімінің меңгерушісі А.С.Байжанова, қоғам өкілдері.

Күн тәртібінде:

1. Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау

Төрағалық етуші Т.Р.Пазылов 2024 жылғы 17 мамыр – 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кәсіпорын 2024 жылғы 4 наурыз №57 н/қ бұйрығымен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

Нәтижесінде кәсіпорын персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты маман Д.М.Шайзында сөз сөйледі.

Атап айқанда:

1. Негіздеме толық жазылмаған

2. 3 сәуір 2024 №14 бұйрық негіздеме
3. 16 ақпан 2024ж. №10 бұйрық негіздемеде толтыру
4. 7 ақпан 2024 №8 бұйрықта 2 адам 1 бұйрықпен алынған
5. 11 қаңтар 2024 №1 негіздемеге толықтыру енгізу
6. 31 мамыр 2024 №75, №52, №38 бұйрыққа комиссия хаттамасын негіздемеге қосу.

Төрағалық етуші сөз кезегін алып, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсырды. Заңнама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау жүргізу жиналысы шешім етті:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын.

Төрағалық етуші:

Т.Р.Пазылов

Жиналыс хатшысы:

Д.М.Шайзында

